

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ ЖӘНЕ КЕДЕЙЛЕР



Жалақы – бұл еңбек өлшемі мен тұтыну өлшеміне бақылау жасауды жүзеге асыруға көмектестің маңыздық экономикалық құрал.

Шаруашылық субъектісінің түріне қарамастан әрбір қызметкердің кірісі субъект жұмысының түпкілікті нәтижелерін ескергенде, оның жеке үлесімен анықталады және салықтармен реттелінеді. Жалақы тұтынушы кіріснің үлкен бөлігін құрайды, сондықтан да сұраныстың мөшеріне, тауардың тұтасына және олардың бағасына елеулі әсер етеді.



Жалақы

Номиналды

Шынай



Жалақы

Номиналды жалақы дегеніміз - жалдамалы еңбектің қызметкері өзінің күндік, апталық, айлық еңбегі үшін алатын ақша сомасы.

Номиналды жалақының мөлшеріне қарап табысының деңгейі жайында айтуға болады, бірақ тұтынудың деңгейі мен адамның әл – ауқаты жайлы айту мүмкін емес.

Шынайы жалақы – алған ақшаға сатып алуға болатын өмірлік игіліктер мен қызметтердің жиыны. Ол номиналды жалақыға тікелей қатынаста және тұтыну заттары мен ақылы қызметтердің бағасы деңгейімен кері қатынаста болады.

Еңбекақыны фирма өндіріс төмендегенде төмендетпейді, ал өрлеу кезінде квалификациясы жоғары жұмыскерлердің еңбекақысын күрт көтермейді. Ақшалай жалақының динамикасы тегістеледі. Өндіріс құлдырағанда жалақы төмендемейді, ал өрлеу кезінде күрт емес, бірте – бірте өседі. Жалақы дәрежесінің өсуі белгілі болжамдалған шеңберде өзгеріп отырады.

Нақты жалақы — бұл тауарлардың болып тұрған баға дәрежесінде төленген жалақының ақшалай сомасына жұмыскерлердің сатып алатын тауарлардың саны.

Еңбегіне қарай бөлу заңы социализмнің басқа да экономикалық заңдарымен тығыз қарым-қатынаста болады. Өйткені, еңбекақы жұмысшы күші ұдайы өндірісінің материалдық негізі — қоғамдық қажетті өнімнің бір ғана бөлігі. Бұл ұдайы өндірістің басқа да материалдық негізі бар, сол себепті еңбек ресурстарының ұдайы өндірісі оптимальды қалыпта өркендейді.

Қорыта айтқанда, жалақы еңбектің түпкі нәтижесіне сай келетіндей деңгейде болуы шарт.



Еңбекақы

Біріншісінің мақсаты,
көрінісі — еңбекақы
(жалақы)

Екіншісінің көрінісі —
қоғамдық тұтыну қоры

Еңбекке қарай бөлудің нақтылы формалары еңбекақы және жалақы арқылы жүзеге асады. Социализмде жалақы сипаты мүлдем өзгеше.

Ол капитализм тұсындағы жұмысшы күші құнының және бағасының өңі өзгерген формасы бола алмайды. Жалақы қажетті еңбекпен жасалған қажетті өнімнің негізгі белігі. Күрделі экономикалық қарым-қатынастарды білдіреді. Оның негізгілері: қоғам мен жеке еңбекшілер, еңбек коллективтері, еңбек коллективі мен қызметкерлер арасындағы және т. б. экономикалық қатынастар. Демек, еңбекақы экономикалық қатынастар жүйесінің жиынтығы.

- **Социализмдегі жалақы дегеніміз не?**
- Жалақы еңбекке қарай бөлудің нақтылы формасы, халық табысының құрылуының және қалыптасуының қайнар бұлағы. Жалпы халықтық кәсіпорындарында өндірілетін, қызметкерлердің қоғамдық өндірісте шығындалған еңбегінің саны мен сапасының нәтижесіне сай жұмысшы күшінің ұдайы өндірісіне әртекес тұтыну игіліктерінің келіп түсетін қажетті өнімнің негізгі бөлігін еңбекақы дейміз.



Еңбекақыны дұрыс ұйымдастыру жеңіл-желпі іс емес. Көптеген жағдайларды ескеруге тура келеді. Атап айтқанда: өнім шығаруға қажетті еңбек мөлшері, сапасы, нормасы; қызметкерлердің мамандық дәрежесі, жалпы және кәсіби білімі; халық шаруашылық саласының маңызы, территориялық ерекшелігі, жұмыс жағдайы т. б.



- Еңбек сапасы орындалатын жұмыстың күрделілік, маңызын көрсетеді.
- Еңбек мөлшері дегеніміз нақтылы өнім өндіруге кететін қызмет процесінде шығындалған бұлшық ет және жүйке энергиясының жиынтығы.
- Белгілі бір өнім өндіргенде еңбек шығынының нақтылы қоғамдық қажетті көлемін (шамасын) еңбек нормасы деп атаймыз. Еңбек нормасы өндірістің нақтылы жағдайына байланысты оқтын-оқтын өзгеріп отырады.
- Еңбек нормасының көптеген түрлері бар. Олар: уақыт, өнім шығару, қызмет көрсету, еңбек істейтін адам саны және т. б. нормалар.



Еңбекті нормалаудың негізгі екі әдісі бар.

тәжірибелі-статистикалық


ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ
(аналитикалық әдіс деп те
атайды)



• Кәсіпорында жалақы саясаты әзірлеуде және оны ұйымдастыруда жалақының мына төмендегі принциптерін еске алу керек:

- Әділдігі, яғни тек еңбекке тең жалақы;
 - Істелмеген жұмыс есебінің қиындылығы және еңбек біліктілігінің деңгейі;
 - Зиянды еңбек жағдайының және ауыр дене еңбегінің есебі;
 - Еңбек сапасына және еңбекке қатыстылығының адамдығы үшін ынталандыру.
 - Ақаулық жібергені және өзінің міндетіне жауапсыздықпен қарағандығынан жағымсыз жағдайлар болғаны үшін материалдық жазалау;
 - Еңбек өнімділігінің өрлеу қарқыны арта жалақының өрлеу қарқынына қарағанда озық жүруі;
 - Инфляцияның деңгейіне сай жалақыны индекстеу;
- Мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарындағы жалақылардың айырмашылықтары мынадан тұрады;
- Мемлекеттік иелігіндегі кәсіпорындарында жалақы үкімет актілерімен реттеледі, ал жеке кәсіпорындарында кәсіпорын әкімшілігі шешімімен;
 - Мемлекеттік кәсіпорындарда жалақы тіркеледі; яғнитұрақты болады.
 - Мемлекеттік кәсіпорындарда жұмыс орны мен жалақыкепілді, ал мемлекеттік емес кәсіпорындарда олар оның экономикалық жағдайына қарай анықталады.

- Қазіргі жағдайда біздің елде олардың шеңберін шамамен былай белгілепті: 70- 30%. Демек, біздің жалақымыз (оның қоры) ұлттық, яғни жалпы табыстың 30 % екен.
- Ал, АҚШ, Германия, Япония елдерінде керісінше 30-70% яғни ұлттық табыстың 70% жалақыға жұмсалады, сөйтіп ондағы жұмыскерлер бізден 100-150 есе артық жалақы алады.
- Бұл деген нағыз еңбекшіні қанаушылық емес пе? Біз бұған 70-75 жылдан төзіп— « өсіп» келе жатыппыз. Біз мұның 70-75% қоғамдық қамсыздандыру қорына беріп жатыппыз



2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2015 жылғы 30 қарашадағы №426 –V Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2016 жылдың 1 қаңтарынан белгіленеді

Ең төменгі еңбекақы
мөлшері – 22859 теңге



Абсолюттік кедейшілік — индивидтің өзінің табысымен тамаққа, баспанаға, киімге, жылуға деген негізгі сұраныстарын қанағаттандыруға қабілетсіздігін, болмаса тек қана биологиялық өмір сүруін қамтамасыз ететін минималдық сұраныстарын ғана қанағаттандыруға мүмкіндігі бар екенін сипаттайды.

Салыстырмалы кедейшілік — басқа адамдарға қарағанда қаншалықты кедей адам екенін көрсетеді. Бұл адамның өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайын және мүмкіндіктерін субъективтік бағалауы. Ол нақты қоғамдағы не елдегі қабылданған өмір сүру стандартын не қалпты өмір сүру деңгейін сақтап тұрудың мүмкін болмауы.

Жоқшылық — бұл жерде шектен тыс кедейшілік көрсетіледі. Бұндай кедейлер тобына қайыр сұраушылар, күнкөріс минимумынан төмен табасы бар адамдар кіреді. Әлеуметтік мағынада бұл кедейшілік түріне өзінің тек физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктердің орындалмауы жағдайындағы өмір сүру деңгейін есептейді.

Депривация — бұл әлеуметтік түсінік, қоғамдағы күнделікті адамдық құқығынан айырылған, сонымен қатар толық қажеттіліктерін қанағаттандыра алмайтын халықтық тобына қолданылады. Әдетте олар мүмкіндігі жоқ балалар, мүгедектер, жұмыссыздар, зейнеткерлер және кедейлердің басқа категориялары. Депривация ол қарапайым өмір сүруге жағдайдың жоқтығы немесе жеткіліксіздігі.

Шетқалушылық – кедейліктің бір түрі ретінде қарастырылады. Кедейліктің бұл түрі адамның денсаулығына, көпбалалығына, маскүнемдігіне және тағы басқа себептеріне байланысты материалдық және мәдени байлықтарға қолы жетпеуден пайда болады. Мысалы, балалар, зейнеткерлер, мүгедектер және тағы басқа категориядағы адамдар кіреді.

Қуып жететін кедейшілік – бұл құбылыс адамдардың престижді материалдық және басқа да құндылықтарды тұтынуымен сипатталады. Бүгінгі қоғамда бәрімізге белгілі үлкен кісілерге қарағанда жастарымыз жақсы киінуге, басқалардан артта қалмауға тырысады. Қымбат киім, тағы басқадай заттар өздерінің жоғары қажеттіліктерін қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Кейбір ауқатты ата-аналар басқа қалталары көтермейтін отбасылардың балалары бағытталған өмір сүру стандарттарын қалыптастырады.

| Кедейшіліктің көрсетілген себептері | 2005 % | 2006 % |
|--|---------------|---------------|
| Еңбектің төмен төлемі | 35,4 | 43,7 |
| Тұратын жері бойынша тұрақты жұмыс табу мүмкіндігінің болмауы | 17,8 | 17,0 |
| Ешқандай жұмыстың реті жоқ | 21,5 | 13,0 |
| өзім үйренген жұмыстың болмауы | 8,4 | 7,5 |
| өзгесі | 5,5 | 5,8 |
| Табыстары жоқ асыраудағы жандардың саны (балалар, ата-аналар, туған-туыстар) | 5,0 | 5,4 |
| Денсаулықтың жарамсыздығы | 4,1 | 4,1 |
| Жеткіліксіз білім деңгейі | 0,8 | 1,5 |
| Әлеуметтік көмектің болмауы, өйткені табыс табудың ешбір мүмкіндігі жоқ | — | 0,8 |
| Жеткіліксіз білім деңгейі | 0,8 | 0,7 |
| Әлеуметтік баламасыз отбасы мүшелерінің болуы (маскүнемдік, нашақорлық) | 0,7 | 0,3 |
| Тұратын мекендегі қолайсыз жағдайлар (экономикалық және экологиялық нашар ахуал) | — | 0,2 |

Материалдық әл-ауқатты жақсарту факторлары

| Көрсетілген факторлар % | Барлығы % | Соның ішінде | |
|---|-----------|---------------------|---------------------|
| | | Қалада тұратындар % | Ауылда тұратындар % |
| Жалақыны көтеру | 46,1 | 49,9 | 42,5 |
| Жұмыс беру | 35,0 | 29,3 | 40,4 |
| Зейнетақыны көтеру | 11,6 | 13,2 | 10,2 |
| Кәсіптік деңгейді көтеру | 1,8 | 2,2 | 1,4 |
| Өз ісін ұйымдастыру үшін бастапқы капиталдың болуы | 1,6 | 1,4 | 1,8 |
| Денсаулық жағдайын жақсарту | 1,5 | 1,6 | 1,3 |
| Шағын бизнес үшін несие беру | 0,7 | 0,4 | 1,1 |
| Әлеуметтік төлемдердің деңгейін көтеру | 0,7 | 1,0 | 0,3 |
| Әлеуметтік көмектің түрлерін арттыру | 0,3 | 0,3 | 0,2 |
| Өзге елге көшу | 0,3 | 0,4 | 0,1 |
| Жер алу және сонда жұмыс істеу | 0,2 | 0,1 | 0,4 |
| Тұрғылықты мекенді ел ішінде ауыстыру (қаладан ауылға немесе керісінше) | 0,1 | 0,0 | 0,2 |
| Өзгесі | 0,1 | 0,2 | 0,1 |

Кедейшілік деңгейінің сандық көрсеткіші

| Кедейшіліктің сандық көрсеткіші | Барлығы | Қала | Ауыл |
|--|---------|------|------|
| Кедейшілік деңгейінен төмен тұратын халық саны | 30,9 | 27,9 | 33,9 |
| Кедейлік тереңдігі | 9,2 | 7,6 | 11,2 |

Жалпы нарықтық экономикаға өту, ол тек қана Қазақстанға ғана емес сонымен қатар, жаңа мемлекеттердің көпшілігі бірнеше экономикалық дағдарысқа ұшырады, ол еңбек нарығындағы жағдайдың нашалауына, соның салдары ретінде, кедейшілік деңгейінің өсуіне себеп болды.

Аймақтық экономиканың дамуында ұзақ және орта өндірістер маңызды рөл атқарады. Олар жұмыссыз халықты жұмыспен қамтамасыз етуде басты үлесті алады және экономиканың өсуі мен өнім өндіру үшін қажетті қайнар көз болып табылады. Халықты жұмыспен қамтамасыз етуде көптеген жұмыс орындарын ашу елдегі жұмыссыздықтың біршама азаюына және кедейшіліктің болмауына алып келеді.



Осыған орай жалпы аймақтық көрсеткіш бойынша 2003 жылы елде 244,3 мың жаңа жұмыс орны ашылды. 273,5 мың жұмыспен қамтамасыз ету мекемелеріне тіркелгендердің екеуінің бірі жұмыспен қамтылған.

